



ҚАУЛЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

13 ЖЫЛҒЫ 28 наурыз 36

№

Орал қаласы

город Уральск

**Білім саласындағы кейбір мемлекеттік  
мекемелердің атауларын өзгерту туралы**

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін, «Әкімшілік рәсімдер туралы» 2000 жылғы 27 қарашадағы, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы, «Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңдарын басшылыққа ала отырып және құрылтайшылық құжаттарды қолданыстағы заңнамаларға сәйкес келтіру мақсатында облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес білім саласындағы мемлекеттік мекемелердің атаулары өзгертілсін.
2. Батыс Қазақстан облысының білім басқармасы заңнамаларда белгіленген тәртіппен:
  - 1) аталған мекемелердің Жарғыларына өзгерістер енгізісін;
  - 2) тиісті мемлекеттік мекемелердің әділет органдарында қайта тіркеуден өтуін қамтамасыз етсін;
  - 3) осы қаулыға байланысты туындайтын басқа да шараларды қабылдасын.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары С.К.Сүлейменге жүктелсін.

Облыс әкімінің  
міндетін атқарушы



С.Шапкенов

001650

2013 ЖЫЛҒЫ «28» 03 №36  
облыс әкімдігінің қаулысына  
ҚОСЫМША

**Білім саласындағы атауы өзгертілген мемлекеттік мекемелердің тізбесі**

Қазіргі атауы	Өзгертілгеннен кейінгі атауы
«Дарынды балаларға арналған мамандандырылған С.Сейфуллин атындағы №11 облыстық қазақ мектеп-интернат кешені» мемлекеттік мекемесі	Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының «Дарынды балаларға арналған мамандандырылған С.Сейфуллин атындағы №11 облыстық қазақ мектеп-интернат кешені» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
«Дарынды балаларға арналған мамандандырылған №8 облыстық мектеп» мемлекеттік мекемесі	Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының «Дарынды балаларға арналған мамандандырылған №8 облыстық мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
«Батыс Қазақстан облысының дарынды балаларға арналған қазақ-түрік мамандандырылған мектеп-лицей-интернаты» мемлекеттік мекемесі	Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының «Батыс Қазақстан облысының дарынды балаларға арналған қазақ-түрік мамандандырылған мектеп-лицей-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
«Батыс Қазақстан облыстық дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектеп-интернаты» мемлекеттік мекемесі	Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының «Батыс Қазақстан облыстық дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
«М.Өтемісұлы атындағы облыстық сауықтыру мектеп-интернаты» мемлекеттік мекеме	Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының «М.Өтемісұлы атындағы облыстық сауықтыру мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі